

"Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 08 шілдедегі № 232 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 85 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 сәуірде N 3216 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы N 309 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 20.08.2015 N 309 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 08 шілдедегі № 232 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2903 болып тіркелді, 2014 жылғы 06 қыркүйекте "Солтүстік Қазақстан" газетінде жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Дәрігерді үйге шақыру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізілсін:

8-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу орнына жүгінеді, медициналық тіркеуші көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін тексереді, бекітілген халықтың тіркеліміндегі мәліметтермен салыстырады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Дәрігердің қабылдауына жазылу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізілсін:

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу орнына жүгінеді, медициналық тіркеуші көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін тексереді, бекітілген халықтың тіркеліміндегі мәліметтермен салыстырады – 10 минут;"

көрсетілген қаулымен бекітілген "Медициналық-санитариялық алғашқы

көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізілсін:

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу орнына жүгінеді, медициналық тіркеуші көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін тексереді, бекітілген халықтың тіркеліміндегі мәліметтермен салыстырады – 1 (бір) жұмыс күні;"

көрсетілген қаулымен бекітілген "АИТВ-инфекциясының бар-жоғына ерікті түрде жасырын және міндетті түрде құпия медициналық зерттеліп-қаралу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізілсін:

5-тармақтың 4-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) көрсетілетін қызметті берушінің психикалық - әлеуметтік консультация кабинетінде дәрігер көрсетілетін қызметті алушымен тестіден кейінгі консультация жүргізеді, егер теріс нәтиже болса – анықтама-сертификат береді – 20 минут;"

5-тармақтың 7-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) көрсетілетін қызметті берушінің психикалық - әлеуметтік консультация кабинетінде дәрігер көрсетілетін қызметті алушымен тестіден кейінгі консультация жүргізеді – 20 минут.;"

8-тармақтың 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің психикалық - әлеуметтік консультация кабинетіне барады, дәрігер тестіге дейін АИТВ-жұқпасы мәселелері бойынша консультация жүргізеді – 20 минут;"

көрсетілген қаулымен бекітілген "Туберкулез диспансерінен анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізілсін:

5-тармақтың 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу орнына жүгінеді, медициналық тіркеуші көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін тексереді, бекітілген халықтың тіркеліміне сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсету ауданына тіркеуде болуын салыстырады – 10 минут;"

көрсетілген қаулымен бекітілген "Психоневрологиялық диспансерден анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізілсін:

5-тармақтың 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу

орнына жүгінеді, медициналық тіркеуші мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін тексереді, психоневрологиялық диспансердің науқастарын тіркеу мәліметтерімен салыстырады – 10 минут;";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Наркологиялық диспансерден анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізілсін:

5-тармақтың 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу орнына жүгінеді, медициналық тіркеуші көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін тексереді, бекітілген халықтың тіркеліміне сәйкес көрсетілетін қызмет берушінің қызмет көрсету ауданына тіркеуде болуын салыстырады – 10 минут;".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының
әкімі

Е. Сұлтанов